

Ғалым-жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Акселеу Сейдімбек осы жылдың қыркүйек айында маңдай терінің жемісі 3000-ға тарта құнды құжаттарын Ұлттық мұрағат мекемесімен екіжақты келісім-шартқа қол қоя отырып, тұрақты сақтауға тапсырған болатын. Ол осы жолы өзінің жеке қоры, атасының құжаттары қайда, қалай сақталатынын көрсін, білсін деген шығар, немересі Мәдиді және ғалым, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығара Салғараұлын да ерте келген болатын.

Ел-жұртына қолынан келгенше қызмет көрсеткен ағамыздың жеке қор құжаттары мынадай бөлімдерден тұрады.

Өмірбаяндық құжаттары: бұл бөлімде қор иесінің жоғары оқу орнын бітіргендігі туралы дипломы және әртүрлі ғылыми және мемлекеттік атақтарын, қызмет лауазымын растайтын куәліктері; қоғамдық қызметтері үшін берілген құрмет грамоталары, дипломдар және алғыс хаттар; әдеби шығармаларын жарыққа шығару туралы әртүрлі баспалармен

АҚСЕЛЕУ СЛАНҰЛЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚОРЫ

келешек ұрпаққа аманат

**РЫСТЫ САРИЕВА,
тарих ғылымдарының канди-
даты, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.**

жасасқан келісім-шарттары; отбасына тиесілі құжаттары, т.б берілген. Осы бөлімде ерекше тоқтала кететін құжаттар — Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қор иесін 60 жылдық мерейтойымен құттықтау хаты; сондай-ақ қазақтың белгілі акын-жазушылары Әлкей Марғұлан, Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Әбділда Тәжібаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Асқар Тоқмағамбетов, Мұзафар Әлімбаевтармен туған халқының қамын жеген ойлары, туындылары жайлы сыр бөліскен хаттарын құнды қазынадептанамыз.

Шығармашылық құжаттары: бұл



бөлімде қор иесінің әртүрлі әңгіме, повесть, шежіре, т.б. қолжазбалары; қойын дәптерлері (күнделіктері); ғылыми еңбектері (дипломдық жұмысы, докторлық диссертациясы, зерттеулері); баспасөз бет-

терінде жарияланған мақалалары, аудармалары; "Күн астындағы Күнікей қыз" атты көркем фильмінің киносценарийі; әндері; алты томдық шығармалар жинағы (машинкалық нұсқа) және жинаққа қатысты түсініктемелер, суреттер; кітаптары берілген.

Қор иесінің қолымызға түскен 40 кітабы көпшіліктің жүрегінің төрінен орын тапқан, оң бағасын алған тұғыры

биік туындылар болып табылатыны хақ. Оның әрқайсысы өзіне жеке-жеке тоқталып, толғам түюді қажет етеді. Мысалы: "Қазақтың күй өнері" — халқымыздың өшпес руханиятының әрі дара,

әрі сара біртұтастығын бітімдеген іргелі еңбек. Мұнда этностың әлемдік аумақта ірге тебуінен бастап, ұлттық тектің тұрмыс-салт, иба-ишарат, наным-сеніміне дейін; күй мен саздың, әуен мен ырғақтың алғаш дүниеге келуінен бастап, әлеуметтіңалуан түрлі сыры мен сынына, тағдыры мен тарихына, қуанышы мен мұңына, ең шырқау биігі — арыны мен асқақтығына, ірілігі мен ізгілігіне, асыл үміттеріне арқау болған барша болмыстың мың-сан шежіре хикаясы бар. Сондай-ақ, қор иесі "Қазақтың ауызша тарихы" еңбегінде атауына әбден лайық шежірелік айғақ — деректерді кең көлемде пайдалана отырып, оны осы заманғы зерттеу әдістерініңталғам-талабына сай зерделеген. Қазақ этнологиясына қатысты тың да толымды пайымдаулар жасаған. Акселеу Сланұлының кітаптары Отан тарихына ден қойып жүрген зерттеушілерге, сондай-ақ ел мен жер тарихын білуге құштар оқырман қауымға арналған.

Қор иесі жазушылығымен қатар, Арқа әндерінің дәстүрлі мәнерінде орындалатын бірнеше әндер жазғаны өзімізге белгілі. Мысалы, "Дәурен-ай", "Сары-

арқа", "Ақтамбердінің толғауы", "Алтын асық", "Арман-ай", "Есінде бар ма жас күнің" сиякғы әндердің алғашқы орындаушылары Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов сынды сырбаз әншілер екенін де біз жақсы білеміз.

Қор иесінің Қазақстан Республикасы Ұлттықмұрағатынатабыс еткен әдебиет тарландарымен, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерімен түскен фотосуреттеріне де көз тұнып, жүрек сүйсінеді. Акселеу Сланұлының өз құжаттарына аса бір ұқыптылықпен келешегіне, қазақ атты халқына қалдырар мұрасы ретінде зор жауапкершілікпен қарайтындығын жеке қорында кездесетін құжаттарының электронды жеткізгіштерде сақталуынан да байқауға болады.

Қорыта келгенде, Акселеу Сланұлының Ұлттық мұрағатқа тапсырған құжаттарын халқының игілігіне, ғылымға, әдебиетке қосқан ерекше құнды қазынасы деп білеміз. Ұлтымның ұлымын, халқымның жанашырымын деген әрбір Отансүйгіш азаматтың мұрағатымызға ат басын тірері, осы құнды қорға үнілері айдан анық.